

№2 кейс

Қылмыстық заңнама

- * Бірқатар әшкерелеуші бағдарламалары үшін облыстық мәслихат депутаты Б.Мұсатаев «АТД» телеарнасының қызметкері тележурналист М. Ілиясованы өлтіруге ниеттенеді. Осы мақсатта ол 2014 жылдың қазан айында Е.Бертаевты адам өлтіруге жалдайды. Екеуара келісімге келген соң Е.Бертаев қазан айының 20-шы жұлдызында заңсыз жолмен қару сатып алады. Бірақ, М. Ілиясова ұзақ уақыт іссапарда болғандықтан, оны өлтірудің сәті тек жаңа жылдық мерекелердің алдында түседі.
- * 2014 жылдың 30-шы желтоқсанына қараған түні Е.Бертаев Астана қаласы Республика даңғылында орналасқан М.Ілиясованың пәтеріне келеді. Жұмыстан оралған М.Ілиясованы үйдің алдында күтіп алып, 5 метр қашықтықтан қаруынан екі рет оқ атады. Басынан ауыр жарақат алған М.Ілиясова 2015 жылдың 2 қаңтарында қаза болады.

- * Орын алған оқиғадан кейін Е.Бертаев ізін суыту мақсатында Мәскеу қаласына ұшып кетеді. Жарияланған іздеудің нәтижесінде Е.Бертаевтың жасырынған жері 2015 жылдың наурыз айында құқық қорғау органдарына белгілі болады. Ресей құқық қорғау органдарының көмегімен Е.Бертаев қамауға алынып, 2015 жылдың 25 наурызында Астана қаласына жеткізіледі.
- * Астана қаласы Сарыарқа аудандық ІІБ тергеушісі Н. Мақатов аталған қылмыстық оқиғаға қатысты ҚР Қылмыстық кодексінің 99 бабы 2 бөлігі 8 тармағымен қылмыстық іс қозғайды.



* **№1 тапсырма. Фабулада берілген оқиғаны реттейтін қылмыстық заңнаманы анықтау.**

* Ол үшін:

* Қылмыстық заңнаманың уақыт бойынша қолданылуын реттейтін нормаларын анықтаңыз.

* Қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдарды ұстап беруді қарастыратын ереженің мазмұнын талдаңыз.



* № 2 тапсырма. Адам өлтіргені үшін жауаптылық бекітетін қылмыстық құқықтық норманың сипаттамасын беру (ҚР ҚК 99 бабы 2 бөлігі 8 тармағы).

- * Ол үшін:
- * Құқық теориясы бойынша құқық нормаларының түрлерін еске алыңыздар, фабуладағы қылмыстық-құқықтық норма қайсысына жататынын көрсетіңіз.
- * Фабуладағы қылмыстық-құқықтық норманың құрылымына талдау жүргізіңіз.
- * Қолданылған норманың диспозиция түрін, санкция түрін анықтаңыз.

- * №3 тапсырма. Қылмыстық құқық бұзушылықтың түрі мен санатын (қылмыс болған жағдайда) анықтаңыздар.
- * Ол үшін «Қылмыстық құқық бұзушылық түсінігі, белгілері және түрлері» тақырыбын зерттеңіз.



*** №4 тапсырма. ҚР Қылмыстық кодексінің 99 бабы 2 бөлігі 8 тармағындағы қылмыс құрамын талдаңыз.**

- * Ол үшін:
- * Қылмыс объектісін көрсетіп, мазмұнын ашыңыз.
- * Қылмыстың объективті жағын сипаттайтын белгілерді анықтап, мазмұнын түсіндіріңіз.
- * Қылмыстың субъективті жағын сипаттайтын белгілерді анықтап, мазмұнын түсіндіріңіз.
- * Қасақана жасалған әрекет белгілерін оқиғамен байланыстыра отырып, талдаңыз.
- * Қылмыстың субъектісін анықтап, оның белгілерін көрсетіңіз.

* **№5 тапсырма. Қылмыстық оқиғаны саралауға қажетті белгілерді анықтау.**

* Ол үшін:

- * Оқиғада көрсетілген мән-жайларды ҚР ҚК 99 бабы 2 бөлігі 8 тармағымен салыстырыңыз.
- * Қандай белгілер іс-әрекетті саралау үшін маңызды болып табылады?
- * Тергеуші Н.Мақатовтың жүргізген саралауымен келісесіз бе? Келіспейтін жағдайда өз саралауыңызды көрсетіңіз.



Іске сәт!!!

Керімқұлов Ә.Т.